



ҚАУЛЫ

17.05.2017

Арыс қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 227

город Арыс

Арыс қаласы әкімдігінің
2014 жылғы 27 мамырдағы
№286 «Коммуналдық меншіктегі
жекешелендіруге берілетін
жауапкершілігі шектеулі
серіктестіктің жарғылық
капиталы туралы» қаулысына
өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы
№148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және
өзін-өзі басқару туралы», 2016 жылғы 6 сәуірдегі №480-V «Құқықтық актілер
туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы
9 тамыздағы №920 «Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту
туралы» Қаулысына және Оңтүстік Қазақстан облысы қаржы басқармасының
2017 жылғы 7 сәуірдегі №14-10-14/971 хатына сәйкес Арыс қаласының
әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Арыс қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 27 мамырдағы
№286 «Коммуналдық меншіктегі жекешелендіруге берілетін жауапкершілігі
шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталы туралы» қаулысына өзгеріс
енгізілсін:

- көрсетілген қаулымен бекітілген №1 қосымша жаңа редакцияда
жазылсын.

2. Арыс қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 23 мамырдағы
№169 қаулысының күші жойылсын.

3. Арыс қаласы әкімдігінің коммуналдық меншігіндегі объектілеріне
жекешелендіруді жүргізу мәселелері жөніндегі комиссияның құрамы
№2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Осы қаулының орындалуын Арыс қаласының «Экономика және қаржы
бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Н.Мұстапаев жүзеге асырсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары
Е.Ақтаевқа жүктелсін.

Қала әкімі

М.Қадырбек

Арыс қаласы әкімдігінің «17» 05
2017 жылғы №227 қаулысына
№1 қосымша

№	Нысан атауы	Мемлекеттік басқару органы	Жекешелендіруге жататын мемлекеттік үлесі	Жекешелендірілетін мерзімі
1	«Қызмет-Сервис-Арыс» ЖШС	Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	100%	2017 жыл Шілде айы

Handwritten signature



Арыс қаласы әкімдігінің «17» 05
2019 жылғы №227 қаулысына
қосымша

Мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру мәселелері жөніндегі комиссиясының құрамы:

1. Е. Ақтаев - қала әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы;
2. Н. Мұстапаев - экономика және қаржы бөлімінің басшысы, комиссия төрағасының орынбасары;
3. Е. Сағындықов - тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысының орынбасары, комиссия мүшесі;
4. М. Байшаев - Арыс қаласы кәсіпкерлер палатасының менеджері, комиссия мүшесі (келісім бойынша);
5. Қ. Шойнахов - қала әкімі аппаратының заң бөлімінің басшысы, комиссия мүшесі;
6. Е. Рахман - экономика және қаржы бөлімінің бас маманы, комиссия хатшысы.

Handwritten signature